



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Жеті пірге сыйынып,

Баратұғын жолында», – деген жолдар бар. Бұл – ердің көркемдік бейнеленуі, өзіне тән сипаттарымен суреттелуі. Осы суреттелу Асан қайғының «Есті көрсең кем деме толғауынан да көрініс табады:

«Бақыты оянған ерлердің,

Әрбір ісі оң болар.

Дәулеті күнге артылып,

Не қылса да мол болар.

Тазылары түлкі алып.

Қаршығасы қаз іліп.

Сөз сөйлесе жөн болар», – деп қайталанады.

Жалпы алғанда мұндай мысалдар қазіргі қазақ поэзиясында өте көп кездеседі. Солардың қатарында біз қарастырған Есенғали Раушанов, Серік Ақсұңқар, Жәркен Бөдешұлы, Нұрлан Мәукен т.б. ақындардың поэзиясы ауыз әдебиет үлгілерінен суарылып, сол арнада қайталанып, жырлардың көркемдік үлгісінде өрнектелген. Интертекст мәтінтүзуші негізгі формалардың бірі екені зерттеушілер тарапынан сан рет айтылған.

Мәтіндер арасындағы байланыстар, алдыңғы және кейінгі мәтін мәселелері қазіргі қазақ филологиясы үшін тың әрі өзекті мәселе ретінде күн тәртібінде тұр.

Қолданылған әдебиет:

1. Әділова А. С. Қазіргі қазақ көркем шығармалардағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы. Алматы, 2009. – 236 б.
2. Гадамер О круге понимания. Москва, 1954. – 383 б.
3. Таласбек Ә. Интертекст. – Otuken.kz
4. Барт Р. Смерть автора. Москва. Прогресс, 1994. 391 б.
5. Раушанов Е. Гамлет ертегісі
6. Ақсұңқарұлы С. Қараорман. Алматы, 2011. – 386 б.
7. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т 50. Астана, 2008, - 464 б.

ӨОЖ 811.512.122'36:398.5

ЭПИКАЛЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС ЕТІСТІКТЕРІ

Шалабаева А.И.

Azhuka93@mail.ru

4-курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Г.О.Сыздықова

Етістіктің мағыналық топтарының бірі – қозғалыс етістіктерінің түркі тіл білімінде, орыс тіл білімінде, сонымен қатар қазақ тіл білімінде де өзіндік зерттелу тарихы бар. Түркі тіл білімінде қозғалыс етістіктері туралы алғашқы мағлұматтар ғалым Н.К.Дмитриевтің зерттеулерінде берілген. Ғалым Э.Р.Тенишев түркі тіліндегі қозғалыс етістіктерін мағыналық жағынан ортақ мағынаны білдіретін қозғалу етістіктері және белгілі бір мағынаны білдіретін қозғалу етістіктері деп екі топқа бөлсе, ғалым В.Ф.Вещилова түркі тілдеріндегі қозғалыс етістіктерін: а) қозғалыс бағытын білдіретін етістіктер; ә) қозғалыстың амал-тәсілін білдіретін етістіктер деп бөліп қарастырады. Бұдан түркітанудағы етістіктерді семантикалық классификациялауға 50-60 жылдардан бастап көңіл аударылғаны байқалады [1,6].

Қазақ тіл білімінде ғалым Ы.Е.Маманов етістіктерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай сегіз топқа бөліп, қозғалыс қимылын білдіретін етістіктерге: *жүгіру, еңбектеу, домалау, жорғалау, өрмелеу, қозғалу, жылжу* т.б. етістіктерді жатқызады [2,35]. Ғалым Т.Сайрамбаев өзінің «Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі» атты еңбегінде етістіктерді сабақты және салт етістіктер деп бөліп, сабақты етістіктердің өзін мағыналық жағынан жеті топқа жіктейді.

Соның ішінде бір тобын *қозғау етістіктері* деп атап, оған *суыр, сана, алып кету* етістіктерін жатқызады. Ал салт етістіктердің мағыналық жағынан сегіз тобын ажыратып, оның бір мағыналық тобын *қозғалу етістіктері* деп атайды. Бұл етістік тобына: *тұр, жүгір, жарыс, жат, жет, күрес, қаш, кір, көш, тара* сынды қозғалыс етістіктерін жатқызады [3,238-240]. Ғалым А.Хасенова «Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты» атты еңбегінде етістікті салт және сабақты етістік деп бөліп, бұлардың өзін ішінара бірнеше топшаларға жіктейді [4,179]. Ал ғалым А.Ысқақов етістіктерді 11 топқа бөліп көрсетеді [5,224]. Аталған еңбектерде қозғалыс етістіктері жеке лексика-семантикалық топ ретінде қарастырылмаған.

Қазақ тіл білімінде 80-жылдан бері қарай қозғалыс етістіктерінің семантикасына ерекше ден қойылып, салғастырмалы-салыстырмалы сипатта зерттеліне бастады. Бұл орайда ғалым Ж.К.Шайкенованың «Қазақ және орыс тілдеріндегі қозғалыс етістіктерінің семантикасы» еңбегін атап өтуімізге болады. Бұл еңбегінде ғалым қозғалыс етістіктеріне «Глаголы движения выражающие динамику процесса, представляют собой автономную группу в сложной глагольной системе казахского и русского языка» деген анықтама береді [1,7].

Қозғалыс етістіктерінің семантикасына қатысты маңызды пікір айтқан ғалымдардың бірі – М.Оразов өзінің «Етістік семантикасы» атты докторлық диссертациясының 2-тарауының бір бөлімін осы қозғалыс етістіктеріне арнайды.

Ғалым «қозғалыс етістіктеріне құрамында мағыналық элемент (сема) бар етістіктер жатады және қозғалыс етістіктері бір орыннан екінші орынға ауысуды, яғни кеңістікті өзгертуді аңғартады» деген сипаттама береді [6,22].

Ғалым бұл етістіктерді мағыналарына қарай төмендегідей бірнеше семантикалық топтарға бөліп көрсетеді:

1. Жердегі қозғалысты білдіретін етістіктер: *жүр, шап, еңбекте, кел, жорт* т.б.
2. Судағы қозғалысты білдіретін етістіктер: *сүңгі, жүз, малты, жалда* т.б.
3. Ауадағы қозғалысты білдіретін етістіктер: *ұш, самға, атыл, ыршы, секір, қалықта, шүйлік, құла* т.б.
4. Бағытсыз қозғалысты білдіретін етістіктер: *аяқ бас, жаяула, қыдыр, адымда, кез, жол ал* т.б.
5. Айтушы немесе басқа нысанға жақындауды білдіретін етістіктер: *бар, жақында, жуықта, жет, кел, тақал, төңіректе* т.б.
6. Айтушы немесе басқа нысаннан алыстауды білдіретін етістіктер: *алыста, жөніңе тарт, ұза, аулақ жүр, жөнел, без, қаш, кет* т.б.
7. Белгілі бір бағытқа қаратылған қозғалысты білдіретін етістіктер: *айнал(у), бет ал(у), бет бұр, бетке ұста, бет түзе, бетте, қайт* т.б.
8. Төменнен жоғарыға қарай бағытталған қозғалысты білдіретін етістіктер: *жозғарыла, өрле, шық, ырғы, мін, шоршы, биікте, өрмеле, көтеріл* т.б.
9. Жүріс қарқынын білдіретін етістіктер: *жұлдыздай-ақ, жел, аяғы аяғына тиме(у), аңқылда(у), аяғы жерге тиме(у), ептеп бас, жылжы, кібіртікте, мамырла, ілбу* т.б. [6,22-23].

Қозғалыс етістіктерінің мағыналық топтарына ортақ белгі бір орыннан екінші не басқа орынға ауысу болса, ауысу үдерісінің жүзеге асу орнын, нақтылап айтқанда, кеңістіктегі орны мен бағытын олардың басты ерекшелігі ретінде алуға болады. Бұл ерекшелікті эпикалық жырлардағы қозғалыс етістіктерінің мағынасы мен қолданысы арқылы да дәйектеуге болады.

Мысалы:

Құлақ салып сөзіме,

Бері таман кел, - дейді, -

Тобылғы меңді торы аттың

Жауға мініп шабуға

Жарамайды бұл, - дейді [Батырлар жыры. Қобыланды].

Бұл мысалдағы *шабуға* етістігі ғалым М.Оразовтың бөлінісі бойынша, жер бетінде

жасалатын қозғалыс етістіктеріне мысал бола алады. Өйткені жауға шабу, атпен шабу қимыл-қозғалысы жер бетінде жүзеге асатыны белгілі.

Ал келесі бір мысал:

Сонда Тарғын үйретерде сөйлейді:

Ауан, ауан, ауан су,

Ауандап үлкен балық жүзген су,

Қараша, Құбан – қанды су,

Ақтөбе, Бозан – даңды су,

Үш өзен, Самар – жанды су

Су болғалы ежелден,

Кәпір менен пұсырман

Ерлеріменен даулы су,

Даулы жерде тұрмаймын! [Батырлар жыры, Ер Тарғын].

Келтірілген мысал - қимылдың суда жасалуын көрсетіп тұр. Оған *жүз* етістігі дәлел. Яғни, *жүз* етістігі ешбір жанама көрсеткішсіз-ақ, қимылдың суда жасалуын байқатады. Сондай-ақ, сөйлемдегі *балық жүзген су* тіркесінен *жүз* етістігінің балықтың қимылын білдіруде қолданылғаны көрінеді. Бұдан шығатын қорытынды - *жүз* қозғалыс етістігінің тек қана адамға қатысты қолданылмайтындығы.

Тайбурылға міне алмай,

Қарына найза іле алмай,

Тұра алмай көкең орнынан

Найзаның салған зорынан,

Бұрыл ат ұшып аспанға,

Ұстатпаған дұшпанға

Қамаған оңы-солынан [Батырлар жыры, Қобыланды].

Ал бұл мысалдан анық көрініп тұрған нәрсе – *бұрыл аттың* қимылының ауада жасалуы. Оған *ұшып аспанға* тіркесі дәлел. Сондай-ақ, *ұшу* етістігінің тек жансыз заттарға ғана емес, сонымен қоса жанды заттарға да қатысты қолданылатынына да осы мысал дәлел. Бұрыл аттың аспанға ұшуын жырдың стилистикалық бояуы десек те болады. Өйткені осы тіркес арқылы болып жатқан шайқас та сипатталады.

Қалған қалмақ қайрылып,

Бірінен бірі айрылып,

Қалаға қашып барады.

Бекітіп алды қаланы,

Далаға тастап баланы.

Қалаға бала кіре алмай,

Не қыларын біле алмай,

Бұл шәһәрден айналып,

Түн ортасы өткенде,

Таң мезгілі жеткенде,

Бір тесікті табады [Батырлар жыры, Алпамыс].

Бұл мысалда қозғалыс мәнді **қаш, кір, айнал** етістіктері қабаттаса қолданылған. **Қашу** қозғалыс етістігі **-ып барады** аналитикалық форманты арқылы бір нысаннан екінші нысанға бағытталған қозғалысты (**қалаға қашып барады**) білдірсе, **кіру** етістігі **-е алмайды** аналитикалық формантымен келіп, қимылдың жүзеге аспағандығын, орындалмағандығын (**қалаға кіре алмай**) сипаттап тұр. Одан кейінгі **айнал** етістігі көсемшенің **-ып** жұрнағының жалғануы арқылы қимылдың белгілі бір кеңістікте, яғни шәһарда өтіп жатқанын білдіріп тұр. Ғалым М.Оразов **айнал** етістігін бағыты анық қимылды білдіретін қозғалыс етістіктерінің қатарында қарайды.

Эпикалық жырларда қозғалыс етістіктері жиі қолданылады және әртүрлі қимылды білдіруіне қарай тұлғалық өзгерістерге түсіп, мағыналық ерекшеліктері де әртүрлі болып

келеді. Батырлар жырында, көбінесе, бағыты анық, белгілі бір кеңістікте өтетін қимыл-қозғалыс мәнді етістіктер жиі қолданылады. Соның ішінде жер бетінде жасалатын қимыл-қозғалыстары жиі және міндетті түрде кездесіп отырады. Бұл ерекшелікті батырлар жырының мазмұндық сипаты, жанрлық ерекшелігімен түсіндіруге болады. Себебі соғыс, шайқас, батырдың жауға шабуы, елін қорғауы т.б. әрекеттері белгілі бір қозғалыс етістіктері арқылы бейнеленеді.

Тағы бір айта кететін жайт, батырлар жырында қимыл-қозғалыс, көбінесе, тек жанды заттарға тиесілі болады. Өйткені бұл жырлардың басты кейіпкері – елін қорғаған, жерін қорғаған алпауыт батыр. Сол батырдың дүниеге қалай келуінен бастап, соғысқа аттануы, шабуылға шығуы жырда бастан-аяқ баяндалады. Ал осындағы барлық қимылды батырдың өзі жасайтын болғандықтан, қимыл-қозғалыс көбіне жанды заттарға қатысты болып келеді. Жанды заттарға қатысты етістіктердің де өзіне тән ерекшеліктері болады. Өйткені қимылды жасаушы субъект адам не жан-жануар болып келеді. Ал біз қарастырып отырған батырлар жырларында бұл іс-әрекет иесінің екеуі де орын алған. Осыған орай, жанды заттарға қатысты қимыл-қозғалысты білдіретін етістіктердің өзі іштей мағыналарына қарай әртүрлі болып келеді. Енді, осы айтылғандарға дәлел ретінде батырлық жырлардан мысал келтірсек:

*Арысаң да, жануар,
Көрсетер едің бір қара,
Саған **мінер** белім жоқ,
Белге қылар емім жоқ!*

*Қапыда өткен дүние-ай,
Аяғына айдай таға қақтырып,
Еділдің күзгі қатқан көкше мұзында-ай
Шауып кетсем, тая алмас!*

*Шағанның бойын шаңдатып,
Кешегі **кеткен** ит ноғай
Жұртына тірі тастап **кеткені**,
Есімнен қалмас бүйткені!
Көк көгершін, көгершін,
Көк кептер **ұшар** жем үшін.
Баданамды баса бөктеріп,
Қасыма жаттан жолдас ертіп,
Күн-түн қатып **жортқанмын**
Атаңа некес қалмақтың
Жайлау, қыстау жері үшін!*

*Аюкенің ауыр қол
Алты күндей атысып,
Қара қанға батысып,
Бәрін бірдей қырғанда,
Саяға **шығып тұрғанда**,
Балалы марал **келгенде**,
Қоянақұлы Қартқожақ
Баласын байлай атқанда,
Атқанына жығылмай баласы,
Ақ сыбанның баласы, -
Ақ айуанды жаһұттың
Алпыс атын алған мен едім!
Сол сапардан **үйге қайтқанда**,*

*Балтаға бардым тал үшін,
Талды кестім сал үшін [Батырлар жыры, Ер Тарғын].*

Көріп отырғанымыздай, батырдың бір ғана сапарға аттануында қозғалыс етістіктерінің

бірнеше түрі қолданылған. «Саған мінер белім жоқ» деген жолдарда төменнен жоғарыға қарай бағытталған қимылды білдіретін *мін* етістігі қолданылса, «*Шауып* кетсем, тая алмас. Күн-түн қатып *жортқанмын*» деген жолдарда *шап* етістігі мен *жорт* етістігі арқылы жер бетінде жасалатын қимыл-қозғалыс суреттелген. *Шабу*, *жорту* етістіктерінің екеуі де қимылды білдіреді. Мағыналары жағынан бір-біріне жуық сөздер. Екеуі де соғысқа, шабуылға қатысты қолданылатын етістіктер. Бұл екі етістікке тән ортақ белгі – екеуі де жерде жасалатын қимылды білдіретін етістіктер.

Ал жырдың «Кешегі *кеткен* ит ноғай» және «Балалы марал *келгенде*» деген жолдарынан бір-бірінен мағыналық ерекшелігі жағынан ажыратылатын етістік топтарын көреміз. Олар: *кет* және *кел* етістіктері. Алдыңғысы – сөйлеушіден немесе басқа да объектіден алыстау қимылын білдіретін етістік болса, екіншісі – сөйлеушіге немесе басқа объектіге жақындау қимылын көрсететін етістік. Бұл етістіктер қимыл-қозғалысты білдіретін етістіктер тобына жатқанымен, атқаратын қызметтеріне орай, білдіретін мағыналары әр басқа етістіктер.

Қозғалыс етістіктерінің келесі бір семантикалық тобы ауада жасалатын қимылды білдіретін етістіктер. Жоғарыда келтірілген мысалымызда «Көк кептер *ұшар* жем үшін» деген жолдарда қозғалыс етістігінің осы мағыналық түрі орын алған. Яғни, көк кептердің қимылы ауада *ұш* етістігі арқылы жасалып тұр. *Ұшу* етістігінің өзі жанды заттарға және жансыз заттарға қатар қолданыла береді. Соның ішінде жанды заттар деп отырғанымыз – құстардың қимыл-қозғалысы. Ал егер «*ұшақпен ұшты*» десек, бұл жерде жансыз заттарға қатысты қолданылып тұрғаны белгілі.

Бұл мысалда сондай-ақ, белгілі бір бағытқа бағытталған қимылды білдіретін қозғалыс етістігі де бар. Оған «Сол сапардан *үйге қайтқанда*» деген сөйлемдегі *қайт* етістігі мысал бола алады. Ғалым М.Оразовтың пікірі бойынша, *қайт* етістігі бағыты анық қимылды білдіретін қозғалыс етістіктерінің тобына жатады. Шынында, мысалдан да анық көрініп тұрғандай, бағыты анықталған, яғни үйге бағытталған қимылды білдіруде *қайт* етістігі қолданылған.

Келесі бір мысал:

Қос бүйрегі бүлкілдеп,

Көздің жасы мөлтілдеп,

Бір қадам басып жүре алмай,

Қарлығадай сұлуға

Әрең жетті еңкілдеп [Батырлар жыры, Қобыланды].

Бұл мысалда *еңкілдеп* қозғалыс етістігі жүріс қарқынын білдіріп, жырға әрі мағыналық, әрі стилистикалық бояу беріп тұр. Бұл жерде контекстен көрініп тұрғандай, *еңкілдеп* етістік ретінде қолданылған. Ал келесі бір мысалда еңкілде сөзі басқа формада келеді:

Тұрғызды сүйеп қолынан

Жылап-еңіреп жөнелді,

Блажының жоғынан.

Жолға түсіп елбеңдеп,

Жылайды, жазған, еңкілдеп.

Шешіп ала жөнелді,

Тұра алмады кідіріп.

Сылап-сипап ерттеді,

Көзінің жасы төгіліп [Батырлар жыры, Алпамыс]. Келтірілген мысалда *еңкілде* сөзі қозғалыс етістігі ретінде емес, үстеу ретінде қолданылған. Яғни, *еңкілде* үстеуі адамның қалай жылағандығын білдіруімен қоса, бойында әсерлілік, стильдік өрнек басым.

Жоғарыда талданған мысалдардан аңғаратынымыз, бір сөздің өзі әр түрлі мағына береді. Осы ерекшелігін контекст арқылы дәлелдеп, көзімізді жеткізе аламыз.

Қорыта келгенде, қазақ тіліндегі қозғалыс етістіктері өзінің мағыналық ерекшеліктеріне қарай іштей бірнеше семантикалық топтарға бөлінеді. Өйткені олардың барлығы етістік атаулыға жатқанымен, әрқайсысының берер мағынасы әртүрлі және ол мағынаның

әртүрлілігін контекстен аңғарамыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Алимтаева Л. Қозғалыс атаулары ретіндегі етістіктердің семантикалық сипаты және грамматикалық потенциалы. – Алматы, 2010.
2. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.
3. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі. – Алматы, 2010.
4. Хасенов А. Етістіктің лексика грамматикалық сипаты. – Павлодар, 2010.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі (морфология). – Алматы, 1991.
6. Оразов М. Етістік семантикасы. – Алматы, 1983.

Көркем әдебиет:

1. Батырлар жыры. – Алматы, 2009.
2. Батырлар жыры. 2 том – Алматы, 2006.

7.2 АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

УДК [811.111:512.112]:398.80

ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ РОМАНДАРДЫҢ РӨЛІ

Айнабек Айдана Еркінқызы

aidana_uko@mail.ru

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты филология жоғары мектебі,
«050117 – қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 4 курс студенті, Шымкент, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Сапарбаева

Әр дәуірдің әдебиеті – сол дәуірдің айнасы. Сөз өнерінің өмір шындығын шыңдап қана қоймай, келешекке – келер ұрпақтан ұрпаққа шегелеп қалдыратын күдіретті күші де осы арада жатыр.

Әдебиеттің қоғамдық мәнін айтқанда, ең алдымен, оның таным тарапындағы маңызын атау шарт. Қандай бір көркем шығарма болмасын, ол оқырманға бұрын беймәлім өмірді, шындықты, бейтаныс заманды, адамды танытады. Әр кітап оқырман үшін бұрын–соңды беймәлім дүниенің есігі секілді. Сол есікті ашып кіргенде ғана адам өзіне белгісіз құпиялар сырына тереңдеп, танымын байытады. Әдебиет адамдарға өмірді танытып қана қоймайды, олардың сол өмірге көзқарасын қалыптастырады, мінез–құлқына ықпал етеді, бүкіл тұрмыс–тіршілігіне әсер етеді.

Өнерге, өнердің бір түрі - әдебиетке әркім өзінше анықтама берген. Біреулер оны – «шындықты сәулелендіру» десе, біреулер – «идеалдар жасау», тағы біреулер – «бір адамның сезімін екінші адамға ауыстыру» деген. Бұл ұғымдардың қай–қайсысында да белгілі дәрежеде шындық бар, бірақ толық тұжырым жоқ.

Әдебиет тарихын жанр-жанр бойынша жіктеп талдау ежелгі дәстүр болып табылады. Сол дәстүрі бойынша соңғы прозаның, оның жетекші жанры – романның күй-жайы алдымен сөз етілмек. Әлбетте, тәуелсіздік кезеңі әдеби процесін қадағалай отырып, сөз өнері келешегіне де бір уақ көз тастамасқа болмайды. Жас қалам не жазды, бет алысы қандай? Міне, бұл мәселеге де тиісті көңіл бөлінуі керек.

Қазақ әдебиетінің ежелден қалыптасқан және бір тамаша дәстүрі бар. Ол – ел тарихын ғалым-тарихшылармен қоса қабат, кейде олардан озыңқырау зерттейтін дәстүр. Тәуелсіздік жылдарында бұл тамаша дәстүр байытыла түсті. Еуропацентризмнің, отаршылдықтың уымен уланған бірсыпыра идеялық кемсітушілік қағидалардың бет пердесі жыртылып әшкереленді. Көшпенділер өркениеті, түркі тегіміздің қаһармандық тарихы хақында бағалы